

Ойтал ауылдық округі Меркі стансасының және Ойтал ауылының көше атауларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Меркі ауданы Ойтал ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 96 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 желтоқсанда № 4064 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 04 қыркүйектегі қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Ойтал ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойтал ауылдық округі Меркі стансасының және Ойтал ауылының көше атауларын өзгертілсін:

Меркі стансасы бойынша:

- 1) МПС көшесі Бірлік көшесіне;
- 2) Пролетарская көшесі Бәйтерек көшесіне;

Ойтал ауылы бойынша:

- 1) Кооперативная көшесі Нұрлы көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ойтал ауылдық округі әкімінің орынбасары Г. Оспанбековаға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ойтал ауылдық округінің әкімі

А. Рахимбеков